

Сбербанк «Үлестік қатысумен тұрғын үй кредиті» ипотекалық бағдарламасын жасап шығарды

18 қыркүйек 2017 жыл, Алматы – Сбербанк құрылыс салушыларымен бірге жаңа «Үлестік қатысумен тұрғын үй кредиті» ипотекалық бағдарламасын іске қосты. Енді клиенттер пәтерді құрылыс кезінде тиімді баға бойынша сатып ала алады.

«Үлестік қатысумен тұрғын үй кредиті» бағдарламасы аясында құрылысты салушылар үлескерлердің ақшасын іске қоса алады. ҚР «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңына сәйкес, құрылысты салушылар тұрғындарға міндеттемелердің толық және уақытылы орындалуына кепілдік береді.

«Жаңа тұрғын үй бағдарламасының халықты қызықтыратын тұсы мынада, яғни құрылыс кезінде пәтерлердің бағасы 25%-ға төмен болады, сәйкесінше клиенттерге кредиттік жүктеме де азырақ болады», - дейді «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының орынбасары Алексей Акимов. – «Осы жылы ипотекалық кредит беру нарығы белсенді кезеңге өтті, халық арасында пәтер сатып алуға сұраныс артқанын көріп отырмыз. Сбербанк өз клиенттеріне соғылып жатқан нысаннан пәтер алу мүмкіндігін коммерциялық банктердің арасында алғаш болып ұсынып отырғанын айта кеткіміз келеді.»

«Үлестік қатысумен тұрғын үй кредиті» бағдарламасының шарттары:**Кредит мерзімі:**

- 240 айға дейін клиенттің толық қаржылық сараптамасымен;
- 180 айға дейін клиенттің жартылай қаржылық сараптамасымен.

Кредит мөлшерлемесі:

- Пайыздық мөлшерлеме – 15.1% (Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі – 16, 8%);

«Үлестік қатысумен тұрғын үй кредиті» бағдарламасы туралы толығырақ [+7 \(727\) 250-30-20](#) нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы, сондай-ақ жақын жердегі Сбербанк бөлімшесінің менеджерінен білуге болады.

####

Сбербанк» АҚ ЕБ халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 10 жыл табысты жұмыс істеп келеді және активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 4-орынды алады. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің 83 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 16-сы - филиал. Банктің Орталық офисі Алматы қаласында орналасқан.

Қосымша ақпаратты алу үшін Сіз әрдайым төмендегі қызметкерлерге хабарласа аласыз:

«Сбербанк» АҚ ЕБ
Екатерина Купреева
+7 (727) 266 35 68 (ішкі 502499)
Моб:+7 702 18 16 127
e-mail: yekaterina.kupreeva@sberbank.kz

Евгений Круглик
+7 (727) 266 35 68 (ішкі 501237)
Моб:+7 707 75 00 681
e-mail: yevgeniy.kruglik@sberbank.kz

www.sberbank.kz